

«Бекітемін»  
ҚР Білім және ғылым министрлігінің  
«Ұлттық тестілеу орталығы»  
РМКК-нің директоры  
К.С.Әбдиев  
2013 ж.



**Ұлттық бірынгай тестілеуді ұйымдастыру және откізу жөніндегі  
нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Ұлттық бірынгай тестілеуді (бұдан әрі - ҰБТ) ұйымдастыру және откізу келесі кезеңдерді қамтиды:

- 1) «ҰБТ откізу пунктінің» деректер базасын қалыптастыру;
- 2) «Бітіруші» деректер базасын қалыптастыру;
- 3) тестілеуді откізуге дайындық;
- 4) тестілеуді откізу;
- 5) апелляцияны откізу;
- 6) сертификаттарды басу және тарату;
- 7) жұмыс бойынша есеп дайындау.

2. Осы нұсқаулық ҰБТ-ны ұйымдастыру және откізу бойынша төменде аталғандардың іс-әрекеттері мен негізгі функцияларын анықтайды:

- 1) Ұлттық тестілеу орталығының (бұдан әрі - ҰТО);
- 2) мемлекеттік комиссияны;
- 3) ҰТО филиалының (ҰБТ-ны откізу пунктінің) жетекшісінің (бұдан әрі – ҰБТ-ны откізу пунктінің жетекшісі);
- 4) ҰТО филиалының (ҰБТ-ны откізу пунктінің) инженерінің (бұдан әрі – ҰБТ-ны откізу пунктінің инженері);
- 5) мектеп бойынша жауаптының (бұдан әрі – техникалық хатшы);
- 6) Білім және ғылым министрлігі өкілінің (бұдан әрі – Министрлік өкілі);
- 7) Білім және ғылым министрлігінің программисінің (бұдан әрі - Министрлік программисі);
- 8) апелляциялық комиссияның төрағасының;
- 9) Білім және ғылым министрлігі өкілдері тобының жетекшісінің (бұдан әрі – Министрлік өкілдері тобының жетекшісі);
- 10) аудитория бойынша кезекшінің (бұдан әрі – кезекші);
- 11) ағымдағы жылғы мектеп бітірушілердің (бұдан әрі - бітіруші).

3. ҰБТ-ны ұйымдастыру және откізу бойынша жоғарыда көрсетілген тұлғалар өз қызыметінде «Білім туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 5 желтоқсандағы № 506 бүйрігімен бекітілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7367 нөмірімен тіркелген) Ұлттық бірынгай тестілеуді откізу қағидаларын (бұдан әрі - Ереже), осы Нұсқаулықты және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

### **2. ҰБТ-ны ұйымдастыру және откізу**

4. Тестілеуді ұйымдастыру және откізу бойынша жұмыстар барлық қатысуышылардың: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің (бұдан әрі - БГСБК), Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің (бұдан әрі - ҰҚҚД), ҰТО, ҰБТ-ны откізу пунктінің (бұдан әрі – ҰБТӨП) жетекшісі мен инженері, Министрлік өкілдері мен программистері, апелляциялық комиссияның төрағасы мен мүшелері, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының білім басқармаларының, аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің (бұдан әрі - жергілікті білім беру органдарының), мемлекеттік комиссияның, Білім саласындағы бақылау департаменттерінің (бұдан әрі - БСБД) бірлесе отырып атқаратын жұмыстарын қарастырады.

5. БГСБК ҰТО-мен бірлесе отырып, Министрлік өкілдері мен мемлекеттік комиссия мүшелеріне ҰБТ откізу технологиясы бойынша оқыту семинарларын откізеді.

6. ҰТО тестілеуге енгізілген өзгерістерге сәйкес келесі автоматтандырылған жұмыс орындарын (бұдан әрі - АЖО) бейімдеп, әзірлейді және оны электрондық тасымалдашты немесе телекоммуникациялық желі арқылы ҰБТӨП-ке жібереді:

«ҰБТӨП базасы» АЖО-сы аудиториялық қор және олардың жабдықталуы, окушылар саны, ҰБТӨП-ке бекітілген оку орындары, мектептен ҰБТӨП-ке дейінгі арақашықтық, бітірушілерді ҰБТӨП-ке тасымалдау тәсілі, мектептерді лектор бойынша бөлу жөніндегі мәліметтерді қамтиды;

«Бітіруші» АЖО-сы ҰБТ-га қатысуға тілек білдірген мектеп бітірушілердің жеке мәліметтерін (тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – аты-жөні), білім беру үйімі туралы, оқыту тілі, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН)) жинақтау, осы нұсқаулықтың 1, 2-қосымшаларына сәйкес бітірушілерді тіркеу туралы анықтама мен рұқсаттамаларды беру, бітірушілерді аудитория бойынша бөлу үшін қызмет етеді;

«Сканерді тексеру» АЖО-сы сканердің жұмыс істеу қабілетін тексеру үшін берілген арнайы жауап параптартын сканерлеу;

«Министрлік программисі» АЖО-сы тестілеу нәтижелерін өндеу; апелляцияға өтініштерді және олардың шешімін енгізу, Ереженің 4, 5- қосымшаларына сәйкес апелляция қорытындысын есепке алынбаган және алынған кездегі емтихан ведомостарын шығару үшін қызмет етеді;

«Сертификат» АЖО-сы бітірушінің аты-жөнін, пән бойынша жинаған балдарын және сертификаттың сериясы мен нөмірін көрсете отырып ҰБТ нәтижесі туралы сертификаттарды ресімдеу үшін қызмет етеді.

7. ҰБТӨП-те осы нұсқаулықтың 13 тарауына сәйкес «ҰБТӨП базасы» АЖО-сын орнату және толтыру жүзеге асырылады.

8. ҰБТӨП-те «Бітіруші» АЖО-сы орнатылады және ҰБТӨП жетекшісімен тестілеуге өтініштерді қабылдау бойынша жұмыстар ұйымдастырылады.

9. Техникалық хатшы бітірушілерден өтініштерді қабылдауды жүзеге асырып, толтырылған бланкілерді сканерлеу үшін ҰБТӨП-ке жеткізуді қамтамасыз етеді.

10. Ағымдағы жылғы мектеп бітіруші ҰБТ-га қатысу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2007 жылдың 23 қазандығы № 502 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 нөмірімен тіркелген) үлгідегі бланкіде өтініш береді.

11. ҰБТӨП-те «Бітіруші» деректер базасын (бұдан әрі - ДБ) құру үшін «Тестілеуге қатысу өтініші» бланкілерін (бұдан әрі - өтініш бланкісі) сканерлеу жүргізіледі.

12. ҰБТӨП инженері ҰБТӨП бойынша тестілеуге өтініштерді қабылдау барысы жөнінде статистикалық деректерді телекоммуникациялық желі арқылы құн сайын сағат 17.00-ге дейін ҰТО-ға жіберуді жүзеге асырады. ҰТО-да тестілеуге өтініштерді қабылдаудың республика бойынша статистикалық мәліметтері құрылады.

13. Ережеде белгіленген мерзімде жұмыс құнінің аяқталуына дейін (жергілікті уақыт бойынша 18.00) ҰБТӨП-те «Бітіруші» АЖО-сы мен осы нұсқаулықтың 3 қосымшасына сәйкес өтініштерді тіркеу журналын жабу жұмысы жүргізіледі.

14. «Бітіруші» ДБ жабылғаннан кейін, бітірушілерді аудиториялар бойынша бөлу жұмысы жүргізіледі және осы нұсқаулықтың 2, 4 қосымшаларына сәйкес мектепте ресімделіп, бітірушілерге берілетін емтиханға кіру рұқсаттамалары мен рұқсаттамаларды тарату тізілімі басылып шығарылады.

15. Ережеде белгіленген мерзімде тестілеуге қатысушылардың барлығымен бірлесе отырып ҰБТ өткізіледі. ҰБТӨП-те ҰБТ-ны өткізу кезінде Министрлік өкілдері мен мемлекеттік комиссия төрагасынан басқа қатысушыларға ұялы байланыс телефондарын пайдалануға рұқсат етілмейді.

16. Тестілеу аяқталғаннан кейін тестілеу нәтижелерін өндеу жүргізіледі және Ереженің 3, 4 қосымшаларына сәйкес дұрыс жауаптар коды мен ҰБТ-ның емтихан ведомостарын ілу жүзеге асырылады.

17. Апелляцияға өтініштерді қабылдау Ереженің 45 тармағына сәйкес жүргізіледі.

18. Апелляция аяқталғаннан кейін Ереженің 5 қосымшасына сәйкес апелляцияны есепке алғандағы ҰБТ-ның емтихан ведомосы беріледі.

19. ҰБТ өту кезеңінде ҰТО-ға мәліметтерді құн сайын телекоммуникациялық желі арқылы жіберу жүзеге асырылады.

20. ҰБТ-ның қорытындысы бойынша осы нұсқаулықтың 38 тарауына сәйкес сертификаттарды дайындау және беру жүзеге асырылады.

**21.** Министрлік өкілдері атқарылған жұмыстары жөнінде осы нұсқаулықтың 5,6 қосымшаларына сәйкес нұсқада есептерін қағаз және электрондық тасымалдағышта ҰТО-ға тапсырады.

### **3. ҰТО функциясы**

**22.** ҰБТӨП базасын қалыптастыру кезеңінде:

1) ҰБТ-ны ұйымдастыру және өткізу жөнінде ҰБТӨП жетекшісі мен инженерлерін оқытуды ұйымдастыру және өткізу;

2) «ҰБТӨП базасы» ДБ-сын қалыптастыру үшін ҰБТӨП жетекшісі мен инженерін қажетті құжаттармен қамтамасыз ету;

3) «ҰБТӨП базасы» АЖО-сын бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, оны орнату мен алып жүруді ұйымдастыру;

4) телекоммуникациялық желі арқылы «ҰБТӨП базасы» деректерін жинау.

**23.** «Бітіруші» деректер базасын қалыптастыру кезеңінде:

1) «Бітіруші» ДБ қалыптастыру үшін ҰБТӨП-терді келесі құжаттармен қамтамасыз ету:

өтініш бланкілері;

орта мектептер, кәсіптік мектептер (лицейлер) және коллеждер, ұлттар, азаматтық, облыстар мен аудандар анықтамалықтары (бұдан әрі – ақпараттық анықтамалық);

бітіруші мен ата-аналарға арналған жадынамаларды (бұдан әрі - жадынамалар);

2) «Бітіруші» АЖО-сын әзірлеу, оны орнату мен алып жүруді ұйымдастыру;

3) ҰБТӨП-те өтініштер бланкілерін сканерлеу процесін бақылау;

4) ҰБТ-ға қатысатын бітірушілердің саны туралы күнделікті статистикалық деректерді жинау және қалыптастыру;

5) «Бітіруші» ДБ жабуды ұйымдастыру;

6) бітірушілерді аудитория бойынша бөлуді ұйымдастыру;

7) ҰБТ-ға қатысатын бітірушілердің саны туралы қорытынды статистикалық деректерді жинау және қалыптастыру.

**24.** Тестілеу өткізуге дайындық кезеңінде:

1) Министрлік өкілдері мен программистерінің, апелляциялық комиссия төрағаларының ДБ жасау;

2) Министрлікпен бірлесе отырып, ҰБТ-ны ұйымдастыру және өткізу жөнінде Министрлік өкілдері мен программистерін, апелляциялық комиссия төрағаларын оқытуды ұйымдастыру және өткізу;

3) емтихан материалдарын дайындаپ, ҰБТӨП-ке жіберу;

4) Министрлік өкілдері мен программистерін, апелляциялық комиссияның төрағаларын нормативтік құқықтық актілермен, сертификаттармен және «Министрлік программисі», «Сканерді тексеру», «Сертификат» АЖО-ларының бағдарламаларымен қамтамасыз ету;

5) Министрлік өкілдері мен программистерін, апелляциялық комиссияның төрағаларын ҰБТӨП-ке жіберу.

**25.** Тестілеуді өткізу кезеңінде:

1) ҰБТ-ның өтуін бақылау;

2) нұсқалар файлы мен дұрыс жауаптар кодын қалыптастыру және телекоммуникациялық желі арқылы ҰБТӨП-ке жіберу;

3) дұрыс жауаптар кодын ашуға арналған парольдарды беру;

4) телекоммуникациялық желі арқылы апелляцияны есепке алмағандағы статистикалық деректерді жинау.

**26.** Апелляция өткізу кезеңінде:

1) Республикалық апелляциялық комиссияның (бұдан әрі – Республикалық комиссия) жұмысы үшін жағдай жасау;

2) телекоммуникациялық желі арқылы апелляциялық комиссиялардан республикалық комиссияға өтініштерді қабылдау;

3) телекоммуникациялық желі арқылы республикалық комиссияның шешімдерін ҰБТӨП-ке жіберу;

4) телекоммуникациялық желі арқылы апелляцияны есепке алғандағы статистикалық деректерді жинау.

**27.** Сертификаттарды басып шығару және беру кезеңінде:

1) «Сертификат» АЖО-сы бағдарламалық қамтамасыз етуді алып жүру;

2) телекоммуникациялық желі арқылы ҰБТӨП-тен қорытынды файлды алу.

**28.** ҰБТ қорытындысы бойынша Министрлік өкілдерінің есептерін жинап, талдау жасау.

#### **4. Мемлекеттік комиссияның функциялары**

**29.** Мемлекеттік комиссия жұмысын Ереженің 10 тармағына сәйкес ұйымдастырады.

**30.** Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде:

- 1) санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып, аудиторияларды тестілеу өткізуге дайындау және дұрыс нөмірлеу мен отыргызу орындарының сәйкестігі, әрбір аудитория қабырға сағаттары, тақта, бормен қамтамасыз етіледі;
- 2) тестілеу кезеңінде ата-аналар үшін күтүге арналған орындар дайындау;
- 3) бітірушілерді тестілеуге кіргізуді ұйымдастыру;
- 4) тестілеуге кіргізу кезеңінде металліздегіштерді пайдалануды ұйымдастыру.

**31.** Тестілеу өткізу кезеңінде:

- 1) Министрлік әкілдері емтихан материалдары салынған қаптарды ашқан кезде қатысу;
- 2) тестілеуге кіргізу кезеңінде бітірушілерді аудиторияларға дейін жеткізуді ұйымдастыру;
- 3) тестілеу нәтижелерін өндеуге қатысу.

**32.** Апелляция өткізу кезеңі бітірушілер мен ата-аналар үшін апелляция өткізу кезеңіне жағдай жасауды қамтамасыз етуді қарастырады

#### **5. ҰБТӨП жетекшісінің функциялары**

**33.** ҰБТӨП базасын қалыптастыру кезеңінде:

- 1) ҰБТӨП-тің техникалық жабдықтарының жұмысқа жарамдылығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 2) ҰБТӨП базасын құру жөніндегі жұмыстарға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді орнатуды ұйымдастыру;
- 3) ҰБТӨП базасын қалыптастыру жөніндегі ақпараттарды енгізу; бақылау;
- 4) жергілікті білім басқармасының ұйымдарымен немесе базасында ҰБТӨП орналасқан жоғары оку орнының басшысымен, БСБК және ҰТО-мен аудиториялық қорды, тестілеуді өткізу кестесін жоспарлау және келісу;
- 5) «ҰБТӨП базасы» деректерін ҰТО-ға телекоммуникациялық желі арқылы жіберуді ұйымдастыру.

**34.** «Бітіруші» ДБ қалыптастыру кезеңінде:

- 1) «Бітіруші» базасын қалыптастыруға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді орнатуды ұйымдастыру;
- 2) жергілікті білім беру органынан техникалық хатшылардың бекітілген тізімін алу;
- 3) техникалық хатшыларды оқытуды ұйымдастыру және өткізу;
- 4) техникалық хатшыларды нормативтік құқықтық актілермен, ақпараттық анықтамалықтармен, өтініш бланкілерімен және тіркеу журналдарымен, жадынамалармен қамтамасыз ету;
- 5) ақпараттық тақталарды дайындау;
- 6) өтініш бланкілерін сканерлеуді және бітірушілердің мәліметтерінде қате табылған жағдайда базаға өзгерістер енгізу ұйымдастыру;
- 7) техникалық хатшыға тіркеу туралы анықтамаларды және рұқсаттамаларды беруді ұйымдастыру;
- 8) «Бітіруші» ДБ жабуды ұйымдастыру;
- 9) бітірушілерді аудитория бойынша бөлуді ұйымдастыру.

**35.** Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде:

- 1) әрбір лекке сәйкес аудиториялар бойынша папкалар дайындау. Папкалар бітірушілерді аудиториялар бойынша кіргізу ұйымдастыруды қолданылады. Папкада: осы аудиторияға бөлінген бітірушілердің осы нұсқаулықтың 2,7 қосымшаларына сәйкес рұқсаттама түбіртектері мен аудиториялық тізімі болады;
- 2) Мемлекеттік комиссиямен бірлесе отырып, аудиторияларды тестілеуге дайындау. Эрбір аудитория аудиториялық кор бойынша осы нұсқаулықтың 8 қосымшасына сәйкес нөмірленеді (01,02,03, ....). Дәліздерде аудиторияға бағыттау белгілері қойылады. Аудиториядағы отырғызу орындары аудиториялық корда көрсетілген схема бойынша осы нұсқаулықтың 9 қосымшасына сәйкес нөмірленеді;
- 3) осы нұсқаулықтың 10 қосымшасына сәйкес мектеп бітірушілердің деректеріне өзгерістер енгізу журналын Министрлік программисіне беру.

**36.** Тестілеуді өткізу кезеңінде:

- 1) бітірушілерді жинап және аудиторияларға бөліп кіргізуге арналған сыртқы есіктің алдындағы тәртіпті қадағалау және бақылау;
- 2) бітірушілерді аудиторияларға кіргізуді ұйымдастыру;
- 3) статистикалық деректерді телекоммуникациялық желі арқылы жіберуді ұйымдастыру.

**37.** Сертификатты басып шығару және беру кезеңінде:

- 1) сертификаттарды басуды ұйымдастыру;
- 2) сертификаттар мен сертификаттарды тарату тізілімін Министрлік өкілінен Ереженің 6 қосымшасына, осы нұсқаулықтың 11 қосымшасына сәйкес акт бойынша қабылдау;
- 3) сертификаттарды және сертификаттарды тарату тізілімін осы нұсқаулықтың 12 қосымшасына сәйкес техникалық хатшыларға беру;
- 4) мектептің техникалық хатшысынан бітірушілердің қолдары қойылған сертификаттарды тарату тізілімін қабылдау.

**38.** Тестілеуді өткізу туралы есеп беру кезеңінде:

- 1) Министрлік өкілімен бірге акт жасай отырып ҰБТ кезінде пайдаланылған сұрап-кітапшаларды жоюоды ұйымдастыру. Актының түпнұсқасын ҰТО-ға Министрлік өкілінен беріп жібереді;
- 2) ҰБТ-ны ұйымдастыру мен өткізу жөнінде атқарылған жұмыстары бойынша телекоммуникациялық желі арқылы және қағаздағы нұсқасымен ҰТО-ға есеп беру.

## **6. ҰБТӨП инженерінің функциялары**

**39.** ҰБТӨП базасын қалыптастыру кезеңінде:

- 1) техникалық жабдықтардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 2) ҰБТӨП базасын қалыптастыру жұмыстары үшін бағдарламаны орнату;
- 3) ақпараттарды «ҰБТӨП базасы» АЖО-сына енгізу;
- 4) ҰБТӨП базасына өзгерістер енгізу;
- 5) «ҰБТӨП базасы» деректерін ҰТО-ға телекоммуникациялық желі арқылы жіберу.

**40.** «Бітіруші» ДБ қалыптастыру кезеңінде:

- 1) «Бітіруші» ДБ қалыптастыруға арналған бағдарламаны орнату;
- 2) ҰТО-дан телекоммуникациялық желі арқылы нормативтік құқықтық актілерді, ақпараттық анықтамалықтарды, жадынамаларды алу және техникалық хатшылар үшін дайындау;
- 3) тіркеу журналын басып шығару және тарату;
- 4) отініш бланкілерін сканерден өткізу;
- 5) техникалық хатшыға осы нұсқаулықтың 1,13,14,15 қосымшаларына сәйкес қажетті нысандарды басып шығару және тарату;
- 6) «Бітіруші» ДБ жабу;
- 7) аудиториялар бойынша бітірушілерді бөлу;
- 8) руқсаттамаларды басып шығару;
- 9) отініштерді қабылдау туралы статистикалық мәліметтерді күн сайын ҰТО-ға телекоммуникациялық желі арқылы жіберу;
- 10) «Бітіруші» ДБ сақталуын қамтамасыз ету және Министрлік программисіне тапсыру.

**41.** Тестілеуді өткізуға дайындық кезеңі ҰТО сұратқан мәліметтерді телекоммуникациялық желі арқылы жіберуді қарастырады.

**42.** Сертификаттарды басып шығару және беру кезеңі сертификаттар мен сертификаттарды тарату тізілімін басып шығаруды ұйымдастыруды қарастырады.

**43.** Тестілеуді өткізу туралы есеп беру кезеңі ҰБТ-ны ұйымдастыру және өткізу барысында атқарылған жұмыстары бойынша ҰТО-ға есеп беруді қарастырады.

## **7. Техникалық хатшының функциялары**

**44.** «Бітіруші» ДБ қалыптастыру кезеңінде:

- 1) ҰБТӨП-тен нормативтік құқықтық актілерді, отініш бланкілерін және отініштерді тіркеу журналын, жадынамаларды алу;
- 2) ҰБТӨП-те отініштерді қабылдау, отініштер бланкісін толтыру және отініштерді тіркеу журналын жүргізу бойынша дайындықтан ету;
- 3) отініштерді тіркеу журналы мен техникалық хатшының журналында көрсетілген оқу орны туралы мәліметтің дұрыстығын бақылау;
- 4) бітірушілерге отініш бланкісін, жауап парагын толтыру, ҰБТ-ны өткізу барысы бойынша және Ереженің 33,36-тармактарымен бекітілген аудиторияда тәртіп сақтау ережесімен, апелляцияга отініштер беру және апелляцияның ету барысы бойынша сабактар жүргізу;
- 5) бітірушілердің отініш бланкісін дұрыс толтыруын қамтамасыз ету;

- 6) бітірушілерді өтініштерді тіркеу журналында тіркеу;
- 7) өтініш бланкілерін сканерден өткізу үшін ҰБТӨП-ке жеткізу;
- 8) осы нұсқаулықтың 1,13,14,15 қосымшаларына сәйкес басылып шыгарылған нысандарды алу;
- 9) бітірушілерге тіркеу туралы анықтамаларды тарату;
- 10) ДБ-ға өзгерістер енгізуі үйімдастыру;
- 11) ДБ жағдайын бақылау;
- 12) өтініштерді тіркеу журналын жабу;
- 13) рұқсаттамаларды ресімдеу және оларды бітірушілерге беру;
- 14) ресімделген рұқсаттаманың түбіртектерін ҰБТӨП жетекшісіне беру.

**45. Тестілеуді өткізу кезеңінде:**

- 1) бітірушілердің тестілеуге қатысуын қамтамасыз ету;
- 2) бітірушілерді көлікпен тасымалдау кезінде техникалық қауіпсіздік ережесінің сақталуын және олардың ҰБТӨП-те орналасқан уақытында тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) ҰБТӨП-ке бітірушілерді кіргізуі осы нұсқаулықтың 16 қосымшасына сәйкес нысан бойынша кіргізу аяқталған уақытты белгілей отырып іске асыру.

**46. Сертификаттарды басып шыгару және беру кезеңінде:**

- 1) сертификаттар, сертификаттарды тарату тізілімі мен емтихан ведомосын ҰБТӨП жетекшісінен осы нұсқаулықтың 12 қосымшасына сәйкес акт бойынша қабылдау;
- 2) бітірушілерге сертификаттарды беру тізіліміне сәйкес сертификаттарды беруді үйімдастыру;
- 3) бітірушілердің қолдары қойылған сертификаттарды тарату тізілімін ҰБТӨП жетекшісіне беру.

**8. Министрлік өкілдері тобы жетекшісінің функциялары**

**47. Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде:**

- 1) ҰТО-да тестілеу технологиясы бойынша оқытудан өту және нормативтік құқықтық актілерді алу;

2) ҰТО-дан осы нұсқаулықтың 17 қосымшасына сәйкес акт бойынша сертификаттарды және мемлекеттік комиссия төрағасының конвертке салынып, бекітілген паролін алу және ҰБТӨП-ке жеткізу;

3) Министрлік өкілі мен программисінің жұмыс орындарының дайындығын; осы нұсқаулықтың 18 қосымшасына сәйкес әрбір лек бойынша ҰБТӨП-тің өтініш журналын; аудиториялардың емтиханға дайындығын; техникалық құрал-жабдықтардың дайындығын; аппелляциялық комиссия мүшелерінің бекітілген тізімін; медициналық қызметкерлердің тізімін және олардың құжаттарын;

ҰБТӨП орналасқан жоғары оку орнының (бұдан әрі – ЖОО) немесе аудандық (қалалық) білім бөлімінің мөрімен расталған осы Ереженің 2 қосымшасына сәйкес акт жасай отырып, тестілеу өткізуге дейінгі аудиторияларды;

Ереженің 1 қосымшасына сәйкес, құқық қорғау органы өкілдерімен бірге мемлекеттік комиссия жузеге асыратын тестілеу басталғанға дейін ғимаратты тексеру актісін;

тестілеу технологиясын қорғау мақсатында техникалық құралдардың (ұялы байланыс телефондарының сигналдарын сөндіру құралдары және бейне бақылау камераларының, металіздегіштердің) дайындығын тексереді;

ғимараттың емтихан өткізуға дайындығын осы нұсқаулықтың 8,9 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша тексеру;

рұқсаттамалардың түбіртектерімен бірге аудиториялық тізімді;

4) емтихан материалдарының жеткендігін және қоймада бар екендігін анықтау үшін ҰҚҚД-мен байланысу;

5) Министрлік программисінің сканерді тексеріп, осы нұсқаулықтың 19 қосымшасына сәйкес есебін жасауын қадагалайды. Есеп ҰБТӨП орналасқан ЖОО-ның немесе аудандық (қалалық) білім бөлімінің мөрімен расталады;

6) тестілеуді өткізуға қажетті бағдарламаларды орнатуды бақылау;

7) емтихан қарсаңында әрбір аудитория үшін осы нұсқаулықтың 20 қосымшасына сәйкес отырызыу парагын шыгарып, сейфке сақтап қою;

**48. Тестілеуді өткізу кезеңінде:**

- 1) тестілеу процесін бақылау және басқару;

2) ҰҚҚД өкілінен қораптарда әрбір аудиторияларға арналған емтихан материалдары салынып, ҰТО-да пломбыланған арнайы қантарды осы нұсқаулықтың 21 қосымшасына сәйкес

акт бойынша алу. Қаптарды ашу кезінде оны сырттай тексеру жүргізіліп, қапты аударып, ішкі тігістері, ҰТО-ның логотипі бар мөрдің баспа-таңбасымен бирка тексеріледі;

3) Министрлік өкілдерін осы нұсқаулықтың 22 қосымшасына сәйкес аудиторияларға бөлу;

4) аудиториядан тыс тестілеу технологиясының сакталуын бақылауды іске асыру үшін Министрлік өкілдерін осы нұсқаулықтың 22 қосымшасына сәйкес бөлу (дәліз бойынша медициналық қызметкерлердің бөлмесіне дейін, әжетханага дейін алып жүру);

5) тестілеу кезінде бақылаушы ретінде қатысадын ата-аналар құрамын анықтау және аудиторияларда жақын туысқандары отырмауды ескере отырып, оларды аудиториялар бойынша бөлу;

6) мемлекеттік комиссия мүшелері және Министрлік өкілдерінің қатысуымен емтихан материалдары салынған қаптарды ашу. Қаптарды ашар алдында Министрлік өкілдері тобының жетекшісі пломбының бүтіндігін және қаптардағы нөмірленген пломбыны ҰТО берген тізіммен салыстырады. Егер пломбы бүтін болмаса немесе пломбының нөмірі сәйкес келмеген жағдайда, ол туралы ҰҚҚД өкіліне айтып ескертеді және ҰТО-ға хабарлайды;

7) Министрлік өкілдеріне:

рұқсаттама тұбіртектері, аудитория тізімі салынған аудитория папкасын беру; отырғызу параптады;

мөрленіп жабылған қораптағы емтихан материалдарын осы нұсқаулықтың 23 қосымшасына сәйкес акт бойынша беру. Әрбір мөр басылған қорапта жауап парактары салынған конверт, сұрақ-кітапшалары, жауап парактарының көшірмелері және осы нұсқаулықтың 24, 25 қосымшаларына сәйкес емтихан материалдарын ашу туралы акт болады;

8) мемлекеттік комиссияның шешімі бойынша мүгедектер және бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, даму мүмкіндіктері шектеулі, көрү қабілеті нашар (көрмейтін, нашар көретін), есту қабілеті нашар (естімейтін, нашар естітін) және өздігінен жүріп-тұра алмайтын мүгедектер (мүгедектер арбасын пайдаланатын) және қант диабетімен ауыратын бітірушілер үшін жеке аудитория бөлу және Министрлік өкілін тағайындау;

9) мемлекеттік комиссия төрағасымен бірлесе отырып, бітірушілерді қосымша отырғызу туралы шешім қабылдау;

10) аудиториялардағы емтихан материалдары салынған қораптарды ашуды бақылау;

11) емтиханның басталу уақытын бақылау. Емтиханның басталуы - жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат 9.00;

12) бітірушілердің дұрыс отырғызылуын және бітірушілерге сұрақ-кітапшаларының дұрыс таратылуын бақылау;

13) Министрлік өкілдерінің жауап парагын толтыру ережесін дұрыс түсіндіруін бақылау;

14) бітірушілердің жауап парагындағы қызметтік секторларды дұрыс толтыруын бақылау;

15) емтихан басталған соң 20-25 минуттан кейін емтихан тапсыру тілі бойынша аудиториялардағы бітірушілердің нақты саны туралы мәліметтер жинауды үйімдастыру. Артық сұрақ-кітапшасы жинап алынады және сейфке салынады. Жауап парактары емтихан аяқталғанға дейін аудиториядан шығарылмайды. Емтихан басталғандығы туралы хабарланғаннан кейін кешігіп келген бітірушілер емтиханға жіберілмейді;

16) аудиториялар мен дәліздерде тестілеу өткізу ережесі мен тәртіптің сакталуын бақылау;

17) бітірушіден тыйым салынған заттар табылған және аудиторияда тәртіп бұзған жағдайда, Ереженің 10 қосымшасына сәйкес акт жасай отырып, бітірушіні аудиториядан шығару туралы шешім қабылдау;

18) мемлекеттік комиссия төрағасымен бірлесе отырып, штаттан тыс жағдайлар (бітірушіде емтиханға кіру рұқсаттамасының немесе жеке куәлігінің болмауы, тестілеуге өтініш беру кезінде тестілеу тілінің дұрыс көрсетілмеуі, белгілі бір себептерге байланысты тестілеу күнін ауыстыру, бөтен тұлға, мұдделі тұлғалар тарапынан бітірушіге көмек көрсету, тестілеуге мұдделі тұлғаның кіруі, мұдделі тұлғалар тарапынан қысым көрсету) бойынша шешімдер қабылдайды;

19) тестілеу аяқталғаннан кейін Министрлік өкілдерінен әрбір аудитория бойынша емтихан материалдарын осы нұсқаулықтың 23 қосымшасына сәйкес акт бойынша қабылдау;

20) тестілеуге берілген уақыт аяқталған кезде бітіруші емтихан материалдарын тапсырудан бас тартқан жағдайда Ереженің 11 қосымшасына сәйкес акт жасай отырып, бітірушінің жұмысын өндемеу туралы шешім қабылдайды;

21) тестілеу нәтижелерін өндөуді үйімдастыру;

22) дұрыс жауаптар кодын ашуды үйімдастыру;

23) дұрыс жауаптар кодын ашу және оны көпшіліктің назарына ілуді үйімдастыру;

24) ҰБТ-ның емтихан ведомостарын беру және оларды көпшіліктің назарына ілуді ұйымдастыру.

**49. Апелляцияны өткізу кезеңінде:**

- 1) осы нұсқаулықтың 26, 27 қосымшаларына сәйкес апелляцияға берген өтініштерді ДБ-ға енгізуді ұйымдастыру;
- 2) апелляциялық комиссияның жұмысы үшін қажетті емтихан материалдарымен қамтамасыз ету;
- 3) апелляция нәтижесін ДБ-ға енгізуді бақылау;
- 4) апелляцияны есепке алғандағы емтихан ведомосын беру және оларды көпшіліктің назарына ілуді ұйымдастыру.

**50. Сертификаттарды басып шығару кезеңінде:**

- 1) сертификаттар мен сертификаттарды тарату тіzlіmіn басып шығаруды ұйымдастыру;
- 2) сертификаттар мен сертификаттарды тарату тіzlіmіn ҰБТӨП жетекшісіне беру.

**51. Тестілеуді өткізу туралы есеп беру кезеңі:**

- 1) ҰТО-ны телекоммуникация құралдары арқылы тестілеудің әрбір кезеңі аяқталғандығын хабардар ету;
- 2) ҰБТӨП жетекшісіне әрбір лектің сұрақ-кітапшаларын жою үшін беру;
- 3) сұрақ-кітапшаларды жоюға қатысу;
- 4) ҰТО-ға осы нұсқаулықтың 28 қосымшасына сәйкес қажетті құжаттарды қағаз және электрондық тасымалдағышта дайындау және жіберу;
- 5) ҰТО-ға осы нұсқаулықтың 5 қосымшасына сәйкес атқарылған жұмыстар жөнінде есепті қағаз және электрондық тасымалдағышта беру.

**9. Министрлік өкілінің функциялары**

**52. Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде:**

- 1) ҰТО-да тестілеу технологиясы бойынша оқытудан өту және нормативтік құқықтық актілерді алу;
- 2) ҰТО-дан осы нұсқаулықтың 17 қосымшасына сәйкес акт бойынша сертификаттарды және мемлекеттік комиссия төрағасының конвертке салынып, бекітілген паролін алу және ҰБТӨП-ке жеткізу;

3) Министрлік өкілі мен программисінің жұмыс орындарының дайындығын; осы нұсқаулықтың 18 қосымшасына сәйкес әрбір лек бойынша ҰБТӨП-тің өтініш журналын; аудиториялардың емтиханға дайындығын; техникалық құрал-жабдықтардың дайындығын; апелляциялық комиссия мүшелерінің бекітілген тізімін;

медициналық қызметкерлердің тізімін және олардың құжаттарын;

ҰБТӨП орналасқан жогары оқу орнының (бұдан ері – ЖОО) немесе аудандық (қалалық) білім бөлімінің мөрімен расталған осы Ереженің 2 қосымшасына сәйкес акт жасай отырып, тестілеу өткізуге дейінгі аудиторияларды;

Ереженің 1 қосымшасына сәйкес, құқық қорғау органды өкілдерімен бірге мемлекеттік комиссия жүзеге асыратын тестілеу басталғанға дейін ғимаратты тексеру актісін;

тестілеу технологиясын қорғау мақсатында техникалық құралдардың (ұялы байланыс телефондарының сигналдарын сөндіру құралдары және бейне бақылау камераларының, металіздегіштердің) дайындығын тексереді;

ғимараттың емтихан өткізуге дайындығын осы нұсқаулықтың 8,9 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша тексеру;

рұқсаттамалардың түбіртктерімен бірге аудиториялық тізімді тексеру;

- 4) емтихан материалдарының жеткендігін және қоймада бар екендігін анықтау үшін ҰҚҚД-мен байланысу;

5) Министрлік программисінің сканерді тексеріп, осы нұсқаулықтың 19 қосымшасына сәйкес есебін жасауын қадағалайды. Есеп ҰБТӨП орналасқан ЖОО-ның немесе аудандық (қалалық) білім бөлімінің мөрімен расталады;

- 6) тестілеуді өткізуге қажетті бағдарламаларды орнатуды бақылау;
- 7) емтихан қарсаңында әрбір аудитория үшін осы нұсқаулықтың 20 қосымшасына сәйкес отырғызу парагын шыгарып, сейфке сактап қою;

**53. Тестілеуді өткізу кезеңінде:**

- 1) тестілеу процесін бақылау және басқару;
- 2) осы нұсқаулықтың 12 тарауына сәйкес кеезкінің функциясын атқару;
- 3) ҰҚҚД өкілінен қораптарда әрбір аудиторияларға арналған емтихан материалдары салынып, ҰТО-да пломбыланған арнайы қаптарды осы нұсқаулықтың 21 қосымшасына сәйкес акт бойынша алу. Қаптарды ашу кезінде оны сырттай тексеру жүргізіліп, қапты аударып, ішкі

тігістері, ҰТО-ның логотипі бар мөрдің баспа-таңбасымен бирка тексеріледі;

4) тестілеу кезінде бақылаушы ретінде катысатын ата-аналар құрамын анықтау және аудиторияларда жақын туысқандары отырмауын ескере отырып, оларды аудиториялар бойынша бөлу;

5) мемлекеттік комиссия мүшелерінің қатысуымен емтихан материалдары салынған қаптарды ашу;

6) бітірушіден тыйым салынған заттар табылған және аудиторияда тәртіп бұзған жағдайда, Ереженің 10 қосымшасына сәйкес акт жасай отырып, бітірушіні аудиториядан шығару туралы шешім қабылдау;

7) мемлекеттік комиссия төрагасымен бірлесе отырып, штаттан тыс жағдайлар (бітірушіде емтиханға кіру рұқсаттамасының немесе жеке куәлігінің болмауы, тестілеуге өтініш беру кезінде тестілеу тілінің дұрыс көрсетілмеуі, белгілі бір себептерге байланысты тестілеу күнін ауыстыру, бөтен тұлға, мұдделі тұлғалар тараپынан бітірушіге көмек көрсету, тестілеуге мұдделі тұлғаның кіруі, мұдделі тұлғалар тараپынан қысым көрсету) бойынша шешімдер қабылдайды;

8) тестілеуге берілген уақыт аяқталған кезде бітіруші емтихан материалдарын тапсырудан бас тарткан жағдайда Ереженің 11 қосымшасына сәйкес акт жасай отырып, бітірушінің жұмысын өндемеу туралы шешім қабылдайды;

9) тестілеу нәтижелерін өндөуді ұйымдастыру;

10) дұрыс жауаптар кодын ашуды ұйымдастыру;

11) дұрыс жауаптар кодын ашу және оны көпшіліктің назарына ілуді ұйымдастыру;

12) ҰБТ-ның емтихан ведомостарын беру және оларды көпшіліктің назарына ілуді ұйымдастыру.

#### 54. Апелляцияны өткізу кезеңінде:

1) осы нұсқаулықтың 26, 27 қосымшаларына сәйкес апелляцияға берген өтініштерді ҰБТ-га енгізуі ұйымдастыру;

2) апелляциялық комиссияның жұмысы үшін қажетті емтихан материалдарымен қамтамасыз ету;

3) апелляция нәтижесін ҰБТ-га енгізуі бақылау;

4) апелляцияны есепке алғандағы емтихан ведомосын беру және оларды көпшіліктің назарына ілуді ұйымдастыру.

#### 55. Сертификаттарды басып шығару кезеңінде:

1) сертификаттар мен сертификаттарды тарату тізілімін басып шығаруды ұйымдастыру;

2) сертификаттар мен сертификаттарды тарату тізілімін ҰБТӨП жетекшісіне беру.

#### 56. Тестілеуді өткізу туралы есеп беру кезеңі:

1) ҰТО-ны телекоммуникация құралдары арқылы тестілеудің әрбір кезеңі аяқталғандығын хабардар ету;

2) ҰБТӨП жетекшісінә әрбір лектің сұрақ-кітапшаларын жою үшін беру;

3) сұрақ-кітапшаларды жоюға қатысу;

4) ҰТО-ға осы нұсқаулықтың 28 қосымшасына сәйкес қажетті құжаттарды қағаз және электрондық тасымалдағышта дайындау және жіберу;

5) ҰТО-ға осы нұсқаулықтың 5 қосымшасына сәйкес атқарылған жұмыстар жөнінде есепті қағаз және электрондық тасымалдағышта беру.

### 10. Министрлік программисінің функциялары

#### 57. Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңдері:

1) ҰТО-да «Министрлік программисі», «Сертификат» АЖО-ларымен жұмыс жасау бойынша дайындықтан өту;

2) тестілеуді өткізуі қамтамасыз етуге арналған бағдарламаны ҰТО-дан электрондық тасымалдағышта алу;

3) ҰБТӨП-тің жұмысқа арнайы бөлінгөн техникалық құралдарды дайындау;

4) сканер және басқа да техникалардың дайындығын тексеру;

5) сканерді тексеру үшін бақылауға арналған жауап параптарын сканерден өткізу;

6) тестілеуді өткізуі қамтамасыз ететін бағдарламаны орнату. Бұл бағдарлама «Бітіруші» АЖО-сы қондырылған компьютерге орналастырылады;

7) ҰБТӨП-тің ерекшелігіне қарай қамтамасыз етуге арналған бағдарламаны орнату;

8) ҰБТӨП инженерінен «Бітіруші» ҰБТ-ға қабылдау;

9) өзгерістер журналы бойынша ҰБТ-ға түзетулер енгізу;

10) «Бітіруші» ҰБТ-ға жабу;

11) лектің отыргызы паралық басып шығару (тестілеу болатын күннен бір күн бұрын кешкісін). Отыргызы паралық отыру орнының нөмірі бойынша реттелген. Бітіруші орнының нөмірі отыргызы

парагын шығару кезде кездейсөк анықталады. Бұл рәсім тек қана 1 рет орындалады. Отырғызу парагын басып шығару үшін ҰТО-дан пароль сұралынады;

12) Министрлік өкілдері үшін қажетті актілерді, яғни осы нұсқаулықтың 23 және 29 қосымшаларына сәйкес актілерін басып шығару;

13) осы нұсқаулықтың 7, 18, 26, 27, 30, 31 қосымшаларына сәйкес қажетті нысандарды басып шығару.

58. Тестілеуді өткізу кезеңінде:

- 1) сканерлеу үшін ҰТО-дан нұсқалар файлын қабылдан алу;
- 2) жаупарақтарын сканерден өткізу үшін Министрлік өкілінен қабылдан алу;
- 3) тестілеу нәтижелерін өндеу;
- 4) дұрыс жаупартар кодын ашу және басып шығару;
- 5) емтихан ведомостарын басып шығару;
- 6) ҰБТ-ның статистикалық деректерін күн сайын және талап етілген ақпаратты телекоммуникациялық желі арқылы ҰТО-ға жіберіп отыру.

59. Апелляцияны өткізу кезеңінде:

- 1) апелляцияға берген өтініштерді ДБ-ға енгізу;
- 2) апелляция нәтижелерін ДБ-ға енгізу;
- 3) апелляцияны есепке алғандағы емтихан ведомосын басып шығару.

60. Сертификаттарды басып шығару кезеңінде:

- 1) сертификаттарды басуға арналған бағдарламаны орнату;
- 2) сертификаттар файлын қалыптастыру;
- 3) сертификаттар мен сертификаттарды тарату тізілімін басып шығару;
- 4) сертификаттар мен сертификаттарды тарату тізілімін Министрлік өкіліне беру.

61. Тестілеуді өткізу туралы есеп беру кезеңінде:

- 1) осы нұсқаулықтың 32 қосымшасына сәйкес қажетті құжаттарды қағаз және электрондық тасымалдағышта дайындау және ҰТО-ға тапсыру;
- 2) қорытынды мәліметтерді ҰТО-ға жіберу.

## 11. Апелляциялық комиссия төрағасының функциялары

62. Апелляцияны ұйымдастыру және өткізу бойынша ҰТО-да дайындықтан өту.

63. Апелляцияны өткізу процесі жөнінде апелляциялық комиссия мүшелеріне нұсқаулық өткізу.

64. Бітірушілерден апелляцияға өтініштерді қабылдауды ұйымдастыру.

65. Апелляцияға өтініш берген бітірушілердің емтихан материалдарын осы нұсқаулықтың 29 қосымшасына сәйкес акт бойынша Министрлік өкілінен алу.

66. Апелляция өтініштерін ДБ-ға енгізу үшін Министрлік өкіліне тапсыру.

67. Апелляция процесін бақылау және басқару.

68. Апелляция бойынша шешім қабылдау.

69. Апелляция нәтижелерін ДБ-ға енгізу ді ұйымдастыру.

70. Апелляция аяқталғаннан кейін емтихан материалдарын Министрлік өкіліне беру.

71. Апелляцияның өту барысы бойынша есеп дайындау.

## 12. Аудитория бойынша кезекшінің функциялары

72. Тестілеу басталардың алдында аудиторияның нөміренуін, аудиториядагы орындардың дұрыс нөмірленгендейгін, олардың осы аудиторияның отырғызу тізіміндегі бітірушілер санына сәйкестігін және қабырға сағаты, тақта мен бордың болуын тексеру. Кемшіліктер байқалған жағдайда оларды жою үшін Министрлік өкілдері тобының жетекшісі мен мемлекеттік комиссия төрағасын хабардар етеді.

73. Министрлік өкілінен емтихан материалдарын алады.

74. Бітірушілерді Ереженің 27,28-тарауларына, осы нұсқаулықтың 22 таруына сәйкес аудиторияға кіргізеді және оларды отырғызу парагына сәйкес отырғызады.

75. Бітірушілерге Ережені 33, 36-тарауларымен бекітілген аудиторияда тәртіп сақтау ережесін түсіндіреді.

76. Осы нұсқаулықтың 23-тарауына сәйкес емтихан материалдары салынған қорапты ашуды ұйымдастырады.

77. Осы нұсқаулықтың 24-тарауларына сәйкес емтихан материалдарын тарату және толтыру ережелерін түсіндіру.

78. Аудиторияда тәртіп сақтау ережесінің сақталуын бақылау.

79. Осы нұсқаулықтың 33 қосымшасына сәйкес аудиториядағы ұялы телефон желісін сөндіру қондырыларының жұмысқа қабілеттілігін бақылау. Қондырыларының жұмысында ақаулық байқалған жағдайда кезекші Министрлік өкілдері тобының жетекшісін хабардар етеді.

80. Осы нұсқаулықтың 25-тaraуы бойынша тестілеу аяқталғаннан кейін емтихан материалдарын қабылдау және тапсыру.

81. Тестілеуге берілген уақыт аяқталған кезде бітіруші емтихан материалдарын тапсырудан бас тартқан жағдайда кезекші Министрлік өкілдері тобының жетекшісін хабардар етеді.

### 13. ҰБТӨП базасын құру

82. ҰБТӨП базасын қалыптастыру мынадай тәртіп бойынша жүзеге асырылады:

1) ҰТО-дан «ҰБТӨП базасы» АЖО-сы электрондық тасымалдағышта ҰБТӨП-ке жіберіледі;

2) ҰБТӨП-те «ҰБТӨП базасы» АЖО-сы құрылу және кәжетті ақпараттарды енгізу (аудиториялық кор, оқу орындары, тестілеу кестесі, оқушылар саны, лектер бойынша бөлү) қамтамасыз етіледі;

3) соңғы мәліметтер ҰТО-ға телекоммуникациялық желі арқылы жіберіледі.

83. ҰБТӨП жетекшісі ағымдағы жылғы бітірушілер санына байланысты аудиториялық қорды жоспарлайды және оны ҰБТӨП орналасқан жоғары оқу орынның басшысымен немесе жергілікті білім беру үйымымен, сонымен қатар БСБД-мен келіседі. Жоспарлау кезінде мынадай талаптарды ескереді:

- 1) аудиториялар бір гимараттың ішінде болуы;
- 2) казак тілінде емтихан тапсыратын бітірушілер үшін және орыс тілінде емтихан тапсыратын бітірушілер үшін аудиториялар тіл мәртебесі бойынша бөлінеді;
- 3) әрбір лектегі аудиторияның тіл мәртебесі әр түрлі болуы мүмкін;
- 4) аудиториядағы орындардың саны 10-ға еселі және 30-дан кем, 120-дан артық емес;
- 5) бір лектегі аудитория саны 12-ден және қосалқы аудиториялар саны 2 аудиториядан көп емес;
- 6) отырғызатын орын саны бір партаға 2 адам есебі бойынша анықталуы;
- 7) спортзалдар мен үлкен холларды бірнеше аудиторияларға бөлуге болмайды.

84. Әрбір аудитория үшін аудиториядағы желдету жүйесі, ұялы телефон желісін сөндіру құралдары мен бейне бақылау камералары көрсетіледі.

85. Аудиториялық кор туралы мәлімет «ҰБТӨП базасы» АЖО-сындағы «Аудиториялық қор» бөлімінен енгізіледі.

86. «ҰБТӨП базасы» АЖО-сындағы «Оқу орны» бөлімі бастауыш, негізгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру үйымдары туралы мәліметті қамтиды.

87. Әрбір білім беру үйымына келесі ақпараттар көрсетіледі: оқу орынның атауы, мекен жайы, бизнес сәйкестендіру номірі, 3-11 сыныптардағы оқушылар саны, оқытылатын шет тілдері, қосымша мәліметтер (оқыту тілі, «қала/ауыл» статусы, меншіктік түрі, мектептің типі мен түрі, оқушыларды ҰБТ-ға тасымалдайтын көлік түрі), бітірушілерді тестілеуге жеткізу жолы мен мектептен ҰБТӨП-ке дейінгі қашықтық.

88. Оқу орны туралы мәліметтер қалыптастырылып болғаннан кейін мектептердің, колледждердің және кәсіптік лицейлердің анықтамалығы дайындалады. Анықтамалықты ҰБТӨП жетекшісі мен жергілікті білім беру үйымы тексереді. Анықтамалықтың түпнұсқасы ҰТО-ға жіберіледі.

89. «ҰБТӨП туралы мәлімет» бөлімі келесі: орналасу және тамақтандыру орындарының саны, әжетхананың орналасу орны, металліздегіштердің түрі мен саны сияқты ақпараттан тұрады.

90. ДБ-сын қалыптастыру аяқталғаннан кейін «ҰБТӨП базасы» деректер базасының қалыптастырылуы туралы есеп осы нұсқаулықтың 34 қосымшасына сәйкес басылып шығарылады. Есептің түпнұсқасы ҰТО-ға жіберіледі, көшірмесі ҰБТӨП-те сақталады.

91. «ҰБТӨП базасы» ДБ-сына енгізілген мәліметтердің мазмұнына ҰБТӨП жетекшісі тікелей жауапкершілікте болады.

### 14. «Бітіруші» ДБ қалыптастыру

92. «Бітіруші» ДБ қалыптастыру төмендегі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) «Бітіруші» АЖО-сы ҰБТӨП-те орнатылады және ҰБТӨП спецификасы бойынша іске асырылады;

2) мектеп әкімшілігі мектептің техникалық хатшысын тағайындауды. Техникалық хатшылардың тізімі жергілікті білім беру үйіммен бекітіледі және «Бітіруші» АЖО-сына енгізіледі;

3) ҰБТӨП жетекшісі жергілікті білім басқармасымен бірлесе отырып, техникалық хатшыны ҰБТ технологиясы мен Ереже бойынша дайындауды;

4) ҰБТӨП жетекшісі техникалық хатшыға ҰБТ-ның нормативтік құқықтық актілерді, ақпараттық анықтамалықтарды және бітірушілердің санына қарай өтініш бланкілері мен өтініштерді тіркеу журналын, бітіруші мен ата-аналардың жадынамасын береді;

5) мектепте өтініш бланкілерін толтыру және бітірушілерді тіркеу журналына тіркеу жүргізіледі;

6) техникалық хатшы толтырылған өтініш бланкілерін және бітірушілерді тіркеу журналын ҰБТӨП-ке жеткізеді;

7) ҰБТӨП-те бітірушілер туралы деректерді «Бітіруші» ДБ-ға енгізу мақсатында өтініш бланкілері арнайы сканер арқылы (бұдан әрі - сканер) өткізіледі. Өтініш бланкілері техникалық хатшының қатысуымен мектептер бойынша сканерден өткізіледі;

8) белгілі бір мектептің өтініш бланкілерін сканерден өткізу аяқталғаннан кейін техникалық хатшыға өтініш бланкілерін сканерден өткізу есебі және бітірушілерді тіркеу туралы анықтама мен анықтамаларды тарату тізілімі беріледі. Бітірушілерге анықтама мектепте беріледі;

9) Ережеде белгіленген мерзімде ҰБТӨП-те техникалық хатшымен бірге ДБ-ны және тіркеу журналын жабу жүргізіледі;

10) ДБ жабылғаннан кейін бітірушілердің саны жөнінде мәліметтер телекоммуникациялық желі арқылы ҰТО-ға жіберіледі;

11) ҰТО-да аудиториялық қорға талданып, бітірушілерді бөлу үшін аудиториялар ашылады;

12) ҰБТӨП-ке аудиторияны ашуға арналған файл жіберіледі. Осы жіберілген файлдың көмегімен ҰБТӨП-те бітірушілерді аудиторияларға бөлу автоматты түрде жүргізіледі;

13) бітірушілерді аудиторияларға бөлу аяқталғаннан кейін техникалық хатшыға рұқсаттамалар және рұқсаттама түбіртектері беріледі. Мектепте рұқсаттама мен түбіртектерге фотосуреттер желімдеу және мектеп мөрін басу жұмысы жүргізіледі;

14) лек бойынша аудиторияларға бөлінген бітірушілердің жалпы саны туралы мәліметтер ҰТО-ға телекоммуникациялық желі арқылы жіберіледі;

15) бітірушілерге рұқсаттамалар мектептерде таратылады, ал ресімделген түбіртектер ҰБТӨП жетекшісіне беріледі.

## 15. Өтініштерді қабылдау және тіркеу

93. Бітірушілердің тестілеуге қатысу туралы өтініштері осы нұсқаулықтың 3 қосымшасына сәйкес тіркеу журналына тіркеледі. Өтініштерді тіркеу журналы бітірушілер санына сәйкес басылып шығарылады. Өтініштерді тіркеу журналы тігіледі және мектептің мөрі қойылады. Тіркеу журналының толтырылуына техникалық хатшы жауап береді.

94. Тіркеу журналы 9 негізгі бағаннан тұрады. «Тестіленушінің жеке коды» (бұдан әрі - ТЖК) бағаны автоматты түрде арнайы бағдарламаның көмегімен толтырылады. «Аты-жөні» деп аталатын бағанға бітірушінің аты-жөні енгізілгенде оған автоматты түрде тиісті ТЖК беріледі. «ТЖК»-дан басқа бағандар қолмен толтырылады. Тіркеу журналының барлық бағандары толтырылғаннан кейін бітірушіге өтініш бланкісі беріледі. Өтініш бланкісі техникалық хатшының бақылауымен қарындашпен толтырылады. Техникалық хатшы мен бітірушінің өтініш бланкісіндегі қолдары қаламмен қойылады.

95. Бітіруші техникалық хатшыға 2 дана 3x4 мәлшерлі фотосуреті мен жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесін өткізеді.

96. Өтініш бланкісінің 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 секторларының мәліметтерін техникалық хатшы өз қолымен толтырады. Қалған секторларды бітіруші өз қолымен техникалық хатшының бақылауымен толтырады.

## 16. Өтініш бланкісін толтыру

97. Өтініш бланкісі мынадай тәртіппен толтырылады:

1) 1-сектордағы жоғарғы бос торкөздерге көлденен бағытта бітірушінің тегі баспа әріпттерімен жазылады. Бітірушінің тегіндегі әрбір әріптің астындағы тор көздегі көрсетілген әріптеге сәйкес дөнгелекшелер боялады. 2, 3 секторлар да осы тәртіппен толтырылады. Егер, тестіленушінің деректерінде «ё» әрпі немесе «ъ» белгісі қолданылса, тиісінше «ё» әріпінің орнына - «е» әрібі, ал «ъ» белгісінің орнына - «ъ» белгісі боялады. Базада түзету енгізу үшін

бітірушінің аты-жөні осы нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес өзгерістер журналына енгізіледі.

2) 4-секторда өтініштерді тіркеу журналына сәйкес ТЖК толтырылады;

3) 5-секторда жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес ЖСН толтырылады. ЖСН болмаған жағдайда алдыңғы 6 позицияда туған жылы, айы, күні толтырылады;

4) 6-секторда бітірушінің азаматтығына сәйкес ақпараттық анықтамалықтан алынған дөңгелекшедегі сандар боялады;

5) 7-секторда бітірушінің ұлтына сәйкес ақпараттық анықтамалықтан алынған дөңгелекшедегі сандар боялады;

6) 8-секторда бітіруші аяқтаған оқу орнына сәйкес үш дөңгелекшениң бірі боялады;

7) 9-секторда ақпараттық анықтамалықтан алынған бітіруші аяқтаған оқу орны орналасқан облысты көрсететін екі орынды санға сәйкес дөңгелекшелер боялады;

8) 10-секторда ақпараттық анықтамалықтан алынған бітіруші аяқтаған оқу орны орналасқан ауданды көрсететін екі орынды сан боялады;

9) 11-секторда ақпараттық анықтамалықтан алынған бітіруші аяқтаған оқу орнының коды көрсетіледі;

10) 12-секторда бітірушінің оқу орнын аяқтаған жылының соңғы екі саны боялады;

11) 13-секторда бітірушінің жынысына сәйкес дөңгелекше боялады;

12) 14-секторда бітіруші өмтихан тапсыратын тілді – қазақ немесе орыс тіліне сәйкес дөңгелекшениң бояйды. Тест тапсыру тілі мектептегі оқыту тіліне сәйкес болады. Өзбек, үйгыр және тәжік тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің бітірушілері тестілеуді ерікті түрде казак немесе орыс тілінде тапсырады;

13) 15, 16, 19-секторларды техникалық хатшы бітірушінің мәліметтерін өзгерту немесе өтініш бланкісін жою кезінде ғана толтырады;

14) 17-секторда техникалық хатшының қолы қойылады;

15) 18-секторда бітірушінің қолы қойылады.

98. Бітірушінің «Бітіруші» ДБ-га енгізілген барлық деректері ҰБТ тапсыргандығы туралы сертификатында, білім грантын тағайындау туралы куәлігінде көрсетіледі, сондықтан аты-жөні қатаң түрде жеке куәлік, паспорт немесе жеке басын куәландыратын құжат бойынша толтырылады. 16 жасқа толмаған жеке куәлігі жоқ бітірушіге мектеп директоры бітірушінің фотосуреті жапсырылып, мектептің мөрі басылған, Ереженің 7-қосымшасына сәйкес нысанда анықтама жазып береді.

### **17. Өтініш бланкісін толтыру кезінде жіберілген қателерді түзету**

99. Өтініш бланкісін толтыру барысында жіберілген қателер өтініш бланкілерін сканерлеу есебінің «Қателер хаттамасы» тарауында көрсетіледі. Қателер қою боялған рамкада көрсетіледі. « / » (қисық сызық) белгісінен кейін осы нұсқаулықтың 35 қосымшасына сәйкес қателер коды көрсетіледі, егер қателер бірнешеу болса, утір арқылы болінеді.

100. Өтініш бланкісіндегі қателерді бітіруші түзетеді. Өтініш бланкісі қарындашпен толтырылатындықтан, қате толтырылған секторларды түзетуге болады.

101. Анықтаманың 1-секторындағы мәліметтерде қате кеткен жағдайда, сол мәліметтерді өзгерту үшін, осы анықтаманың 2-секторына өзгертуге тиісті мәліметтер ғана енгізіледі және ол туралы техникалық хатшы хабардар етіледі. Техникалық хатшы бітірушінің өтініш бланкісіне өзгертулер енгізуін бақылайды. Бітірушінің өзгерілген тіркеу жөніндегі анықтамасы ҰБТӨП жетекшісіне тапсырылады.

102. Қателер түзетілгеннен кейін өтініш бланкісі «Өтініш бланкілері» папкасына салынып, сканерден қайта өткізуге жіберіледі.

### **18. «Бітіруші» ДБ-ның жағдайын бақылау**

103. Сканерден өткізілгеннен кейін техникалық хатшыға бітірушілерді тіркеу жөніндегі анықтамалар, анықтамаларды беру тізлімі мен деректер базасы жөніндегі мәлімет беріледі.

#### **104. Техникалық хатшы:**

1) өтініштерді тіркеу журналы мен деректер базасы жөніндегі мәлімет журналының тізімін салыстырады, ал бұл әрбір өтініш бланкісінің жағдайын қадағалап отыруга мүмкіндік береді;

2) өтініштерді тіркеу журналының «Сканерлеу нәтижесі» бағанына келесі жағдайлардың біреуін белгілеп отырады: «енгізілді», «өзгерілді», «жойылды»;

3) «Өтініш бланкілері» папкасындағы бітірушілердің базасына енгізілген өтініш бланкілерін тексереді;

4) «Жойылған және бүлінген бланкілер» папкасындағы «Бітіруші» ДБ-дан жойылған бітірушілердің өтініш бланкілерін тексереді;

5) Қалып қойған ТЖК-лар болса тексереді де, себептерін анықтап, тиісінше түзетулер енгізеді.

105. Жоғарыда көрсетілген шаралар тәмендегі қателерді жібермеуге мүмкіндік береді:

- 1) өтініш тіркеу журналына енгізілген, бірақ ДБ-ға енгізілмеген және тіркеу туралы анықтама берілмеген;
- 2) өтініш тіркеу журналында жойылған, бірақ ДБ-да жойылмаған;
- 3) өтініш ДБ-да жойылған, бірақ өтініштерді тіркеу журналында жойылғандығы туралы белгіленбейен;
- 4) өтініш ДБ-ға енгізілген, бірақ тіркеу журналында тіркелмеген.

#### **19. Бітірушінің мәліметтеріне өзгерістер енгізу**

106. Базаға енгізілген бітірушінің мәліметтеріне өзгерту енгізгенде, оның өтініші өзгеріледі немесе жойылады. Бітірушінің емтихан тапсыру тілі немесе ТЖК секторларына өзгерту енгізілетін болса, онда өтініш бланкісі жойылады да, қайтадан енгізіледі. Келесі деректердегі: бітірушінің аты-жөні, жынысы, ЖСН, азаматтығы, ұлты, туған жылы, білімі туралы мәліметінде кеткен қателерді түзету жолымен алмастыруға болады.

107. Бітіруші туралы деректерді жою кезінде техникалық хатшы:

- 1) өтініштерді тіркеу журналының «Құжаттарды қайтарып алған кездегі бітірушінің қолы» бағанына бітірушінің қолын қойдырады;
- 2) бітірушінің тіркеу жөніндегі анықтаманы алыш, оған «жойылды» деп белгілейді де, оны «Жойылған бланкілер» папкасына салады;
- 3) бітірушінің өтініш бланкісіндегі «жойылды» дөңгелекшесін бояйды және оны қайтадан сканерден өткізуге береді және сканерден өткеннен кейін бланкін «Жойылған және бүлінген бланкілер» папкасына салады;
- 4) ескі өтініш бланкісі сканерден өткізіліп, бітірушінің мәліметтері ДБ-дан жойылғаннан кейін, өтініштерді тіркеу журналының «сканерлеу нәтижесі» бағанына «жойылды» белгісін қояды;
- 5) өтініштерді тіркеу журналының бос жолына бітірушінің өзгерілген мәліметтеріне сәйкес қайтадан тіркеуп, оған жаңа ТЖК береді;
- 6) бітірушіге жаңа өтініш бланкісін береді, оны толтырғаннан кейін сканерден өткізуге ҰБТӨП-ке жібереді;
- 7) жаңа өтініш бланкісі сканерден өтіп, ДБ-ға басқа ТЖК енгізілгеннен кейін, бітірушіге тіркеу жөніндегі жаңа анықтама береді.

108. Бітірушінің аты-жөні, жынысы, ЖСН, азаматтығы, ұлты, туған жылындағы деректерін өзгерту барысында өтініш бланкісіне сәйкес өзгерістер енгізіп, «өзгерілді» дөңгелекшесін бояйды және оны сканерден қайтадан өткізуге береді.

109. Сканерден өткізілгеннен кейін өтініш бланкілері «Өтініш бланкілері» папкасына салынады.

#### **20. Өтініштерді тіркеу журналын жабу**

110. Өтініштер қабылдаудың соңғы күні өтініштерді тіркеу журналын жабу жүргізіледі. ҰБТӨП-тің өтініштер журналы 2 данада басып шығарылып, «Бітіруші» ДБ жабылады:

- 1) ҰБТӨП инженері осы нұсқаулықтың 36 қосымшасына сәйкес техникалық хатшының журналын, ДБ туралы ақпаратты басып шығарып, оларды салыстыру үшін техникалық хатшыға береді;
- 2) техникалық хатшы тіркеу журналын техникалық хатшының журналымен, ДБ туралы мәліметтерімен салыстырады. Қате табылған жағдайда, оны түзету жөнінде шаралар қолданады;
- 3) соңғы өтінішті тіркеуден өткізгеннен кейін, өтініштерді тіркеу журналының келесі бірнеше жолы «Z» белгісімен сзызылады. Журналға мектеп директоры мен ҰБТӨП жетекшісінің қолдары қойылады;
- 4) ҰБТӨП инженері ҰТО-дан «Бітіруші» ДБ-ны жабу үшін пароль алады;
- 5) ҰБТӨП инженері «Бітіруші» ДБ қорытынды файлын ҰТО-ға телекоммуникациялық желі арқылы жібереді;
- 6) ДБ жабылғаннан кейін барлық өтініш бланкілері «Өтініш бланкілері жинағы» папкасына синхрондық жолағы жоқ жағынан тігіледі;
- 7) тіркеу журналы мен «Өтініш бланкілері жинағы» папкасы ҰБТӨП жетекшісіне тапсырылып, ҰТО-ның нұсқауына дейін ҰБТӨП-те сақталынады.

111. Тестілеуге қатысуға өтініштер журналы мен «Бітіруші» ДБ жабылғаннан кейін ДБ-ға өзгерістер енгізілмейді. «Бітіруші» ДБ жабылғаннан кейін бітірушінің аты-жөніде, туған жылында, жынысында, азаматтығында, ұлтында байқалған қателер бітірушінің мәліметтерін өзгерту журналына міндетті түрде толтырылады. Сонымен қатар,

бітірушінің аты-жөні «ё» әрпі мен «ъ» белгісінен тұратын болса, ашық жері болса, сзықша арқылы жазылатын болса және секторға сыймаса, осы өзгерту журналына енгізіледі.

112. «Бітіруші» ДБ қабылдау кезінде «Министрлік программисі» АЖО-сына тиісті өзгерістер енгізу үшін өзгерту журналы Министрлік программисіне беріледі.

113. Аудиториялық қор мен тестілеуге берілген өтініш сандарының сәйкестігі тексерілгеннен кейін бітірушілерді тестілеу тапсыру үшін аудиториялар бойынша бөлу автоматты түрде жүргізіледі.

## **21. Рұқсаттамаларды ресімдеу және беру**

114. Рұқсаттамалар мен түбіртектер бітіруші оқытын мектепте ДБ жабылғаннан кейін ресімделеді. Рұқсаттаманы ресімдеу үшін бітіруші (3×4 қолемді) екі фотосуретін тапсырады. Бітірушінің фотосуреті рұқсаттамаға және түбіртекке желімделеді және оларға мектеп директорының қолы қойылып, мөр басылады.

115. Рұқсаттама бітірушіге рұқсаттаманы тарату тізліміне қол қойғаннан кейін беріледі. Бітіруші түбіртекке қол қойғаннан кейін, оны техникалық хатшы ҰБТӨП жетекшісіне береді. Рұқсаттаманы бітірушіге бергенде ҰБТ өтетін орын мен уақыты хабарланады.

116. Бітіруші рұқсаттамадағы деректердің дұрыс толтырылғандығын тексереді. Егер бітірушінің рұқсаттамасында қате табылған жағдайда, оны түзету үшін техникалық хатшыға хабарлайды.

117. Бітіруші рұқсаттамасын алу барысында, рұқсаттамада және оның түбіртегінде көрсетілген ҰБТ кезінде тәртіп сактау ережесімен танысқандығын және өзінің жеке мәліметтерінің дұрыстығын растап қол қояды.

## **22. Бітірушілерді аудиторияға кіргізу, отырғызу және қосымша отырғызу**

118. Бітірушілерді кіргізу және отырғызу Ереженің 27, 28 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

119. ҰБТӨП-ке бітірушілерді кіргізу мектеп бойынша жүргізіледі. Техникалық хатшы өзіне бекітілген бітірушілерді осы нұсқаулықтың 16 қосымшасына сәйкес нысанға кіргізу уақыты аяқталғандығын және оларда тыйым салынған заттардың болмауын белгілейді. Тестілеуге кіргізу барысында тыйым салынған заттар табылған жағдайда олар техникалық хатшыға сактау үшін беріледі.

120. Техникалық хатшы мектебінің бітірушілеріне тестілеуге бітірушілерді кіргізу барысында тыйым салынған заттар табылса немесе орнына басқа адамды кіргізу әрекеті анықталған жағдайда оның соны неге әкелетіні туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

121. Тестілеуге кіргізу барысында металліздегіштердің бір түрі: қолмен іздейтін немесе рамкалық металліздегіш қолданылады. Тестілеуге кіргізу барысында металліздегіштер қоғамдық тәртіпті және ҰБТ өткізу кезінде халықтың жаппай жиналған жерлерінде бітірушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар ҰБТӨП ғимаратына тыйым салынған заттарды кіргізбеу үшін қолданылады.

122. Тестілеуге кіргізу барысында металліздегіштерды қолдануды мемлекеттік комиссия жүзеге асырады. Тексеру рәсімін бақылауды Министрлік өкілдері тобының жетекшісі іске асырады.

123. ҰБТӨП ғимаратына кіргізу барысында бөтен тұлға ұсталған жағдайда осы нұсқаулықтың 37 қосымшасына сәйкес акт жасалады, ұсталған тұлға тестілеуге жіберілмейді.

124. Тестілеу өткізу барысында бөтен тұлға ұсталған жағдайда осы нұсқаулықтың 38 қосымшасына сәйкес акт жасалады, ұсталған тұлға аудиториядан шығарылады, оның нәтижесі өндөлмейді.

125. Бітірушілерді қосымша отырғызу Ереженің 29, 30, 31-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

## **23. Емтихан материалдары бар қораптарды ашу**

126. Емтихан материалдары бар қорап осы аудиториядағы үш бітірушінің және ата-аналардан тұратын тәуелсіз бақылаушылар бар болған жағдайда солардың қатысуымен ашылады.

Корапта осы нұсқаулықтың 25 қосымшасына сәйкес емтихан материалдарын ашу туралы актісі, жауап парақтары салынған конверт, осы нұсқаулықтың 24 қосымшасына сәйкес жауап парақтарының көшірмелері, сұрақ-кітапшалары, қосымша жауап парақтары салынған конверт (тек №1 аудиториядаған болады, егер №1 аудитория болмаса, келесі аудиторияда) болады.

127. Шақырылған бітірушілер қораптағы мөрдің бүтіндігін тексереді. Қорапты ашып, ішіндегі емтихан материалдарын санап, нәтижелерін емтихан материалдарын ашу актісіне түсіреді және оған қолдарын қояды. Емтихан материалдарының нақты саны сәйкес келмеген жағдайда, Министрлік өкілі өкілдер тобының жетекшісіне ескертеді және ол фактін емтихан материалдарын ашу актісінде көрсетеді. Қорапты ашқаннан кейін оның ішіндегі сұрақ-кітапшалары осы аудиториядағы емтихан тіліне сәйкес келмесе, Министрлік өкілі өкілдер тобының жетекшісіне ескертеді және акт жасайды.

Бұдан кейінгі шешімді Министрлік өкілі мен мемлекеттік комиссия ҰТО-мен біріге отырып қабылдайды.

#### **24. Емтихан материалдарын тарату және олармен жұмыс істеу тәртібі**

128. Бірінші кезекте тек қана жауап парагы мен оның көшірмесі (тестілеуден кейін балдарды өз бетінше санауга арналған арнайы бланк) ғана таратылады. Министрлік өкілі таратып болғаннан кейін, оларды толтыру тәртібін түсіндіреді.

129. Жауап парагының қызметтік секторлары толтырылып болғаннан кейін №1 отыргызу орнынан бастап, пәндер бойынша тест тапсырмалары бітірушілерге жеткізілетін сұрақ-кітапшаларын таратылады.

130. Тестілеудің қорытындысы бітірушінің жауап парактары өндөлгеннен кейін шығады, сондықтан бітіруші жауап парагының бір данада ғана берілетінін, қайта ауыстырылмайтынын және бұл білімін айғақтайтын жалғыз құжат екенін есте сақтайды. Бітіруші оны қате жіберуге, жөндеуге жол бермestен аса мұқият толтырады.

131. Жауап парагының қызметтік секторлары мен сұрақ-кітапшасының мұқабасы толтырылып болғаннан кейін барлық сұрақтар мен түсіндіру жұмыстары тоқтататылады. Тест тапсырмасының жауаптарын белгілеу мен жауап парагының көшірмесін толтыру уақыты таза берілген уақытқа кіреді. Тестілеуге берілетін уақыт – 210 минут (3,5 сағат).

132. Емтихан материалдарымен жұмыс Ереженің 20, 21, 22, 23, 24, 25-тартамактарына сәйкес жүзеге асырылады.

133. Емтихан біткеннен кейін бітіруші қолындағы жауап парагы көшірмесіндегі өз жауаптарын мемлекеттік комиссияның көшірмесіндегі назарына ұсынған дұрыс жауаптар кодымен салыстырады.

#### **25. Тестілеу аяқталғаннан кейін емтихан материалдарын қабылдау және тапсыру**

134. Емтихан материалдары: жауап парагы, сұрақ-кітапшасы әр бітірушіден жеке-жеке қабылданады, бітіруші Министрлік өкіліне оларды жауап беріп болғаннан кейін немесе тестілеу уақыты біткеннен кейін тапсырады.

135. Министрлік өкілі бітірушінің жауап парагындағы барлық қызметтік секторлардың және сұрақ-кітапшасы мұқабасының толық толтырылуын тексереді.

136. Министрлік өкілі емтихан материалдарын арнайы конвертке және қорапқа салып, бірнеше бітірушілермен бірге мемлекеттік комиссия отырган бөлмеге жеткізеді.

137. Министрлік өкілі өкілдер тобының жетекшісіне жауап парактары (пайдаланылған және пайдаланылмаған) салынған конверт, отыргызы парагы, емтихан материалдарын ашу актісі, пайдаланылған сұрақ-кітапшалары салынған қорапты және рүқсаттама түбіртектері мен аудиториялық тізім тігілген папканы тапсырады.

#### **26. Тестілеу нәтижелерін өндеу**

138. Бітірушілердің жауап парактарын сканерден өткізу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) Министрлік өкілі жауап парактары салынған конверттерді сканерден өткізу үшін Министрлік программисіне береді. Конвертте толтырылған және толтырылмаған жауап парактары болады. Толтырылған және толтырылмаған жауап парактарының барлығы да сканерден өтеді. Жауап парактары әрбір аудитория бойынша екі рет сканерден өткізіледі. Тестілеу уақытында аудиториядан тәртіп бұзғандығына байланысты шығарылған бітірушілердің жауап парактары мен бүлінген жауап парактары (кейбір ерекше жағдайларда осы нұсқаулықтың 39 қосымшасына сәйкес акт жасалынып жаңа жауап парактарына ауыстырылған) сканерден өткізілмейді;

2) Министрлік программисі сканерден өткізуді аяқтаганнан кейін, жауап парактарын конвертке салады, содан кейін осы нұсқаулықтың 40 қосымшасына сәйкес жауап парагын сәйкестендіру хаттамасын береді;

3) Министрлік өкілі мен мемлекеттік комиссия жауап парактарын сәйкестендіруге кіріседі, ал программист келесі аудиторияның жауап парактарын сканерден өткізеді.

#### **139. Егер жауап парагы:**

1) осы аудиторияға бөлінген жауап парактарының тізімінде болса;

- 2) ондағы ТЖК өтініш бланкісіндегі ТЖК-мен сәйкес келсе;
- 3) ондағы орын нөмірі отырғызу парагындағы орын нөмірімен сәйкес келсе автоматты сәйкестендірлген болып табылады.

140. Басқа жағдайда, жауап параптары сәйкестендіру үшін сәйкестендіру хаттамасына түседі.

141. Егер жауап парагы:

- 1) осы аудиторияға бөлінген жауап парагының тізімінде болса;
- 2) ондағы ТЖК коды өтініш бланкісіндегі ТЖК-мен сәйкес келсе;
  - 3) комиссия нақты орынның, нұсқаның нөмірін және таңдауы бойынша пәнді көрсетсе, көзбен шолып сәйкестендірлген болып табылады.

142. Басқа кез-келген жағдайда, жауап парагы тағы да сәйкестендіру хаттамасына түседі.

143. Жауап параптарын сәйкестендіру үшін:

- 1) отырғызу парагы;
- 2) бітірушілердің жауап параптары;
- 3) бітірушілердің сұрап-кітапшалары;
- 4) жауап параптарын сәйкестендіру хаттамасы қолданылады.

## 27. Жауап параптарын сәйкестендіру

144. Сәйкестендірудің мәні тестілеу нәтижелерін өндеу үшін бітірушілер туралы барлық қажетті деректерді анықтау болып табылады. Ол үшін жауап параптарын сәйкестендіру хаттамасында:

- 1) жоғарғы кестеден әрбір бітіруші үшін оған тиісті жауап параптарын қарап белгілейді;
- 2) төменгі кестеден әрбір жауап параптары үшін бітірушіге тиісті деректерді қарап белгілейді.

145. Осы аудиториялар бойынша жауап параптары мен сұрап-кітапшаларының арасынан сәйкестендірлімеген жауап параптары мен оларға сәйкес сұрап-кітапшаларын іріктең алынады.

146. Әрбір жауап парагын оған тиісті сұрап-кітапшасының ішіне салып және сұрап-кітапшасының мұқабасына осы жауап парагының нөмірі жазылады.

147. Салынған жауап парагы мен сұрап-кітапшасы және толтырылмаған жауап параптары төменгі кестеде көлтірілген тәртіп бойынша салынады.

148. Жоғарғы кестедегі сәйкестікті белгілеу. Жоғарғы кестенің әрбір жолдары үшін бітірушінің аты-жөні бойынша оған тиісті жауап парагы табылады. Содан соң «жауап парагының №» деген бағанға оның нөмірі жазылады.

149. Төменгі кестемен жұмыс. Бітіруші жауап парагын толтыру кезінде кате жіберілген төмендегі секторлар қою сыйықпен қоршалады:

- 1) Аты-жөнін сәйкестендіру. Сәйкестендіру үшін төменгі кестенің өндөлеттің жолында көрсетілген жауап парагы алынып, ондағы бітірушінің қолымен жазылған аты-жөні «жауап парагындағы аты-жөні» бағанына түсіріледі;

2) ТЖК коды мен орын нөмірін сәйкестендіру. Сәйкестендіру үшін отырғызу парагы алынып, ондағы осы бітірушінің аты-жөні мен оған тиісті ТЖК коды анықталып, «ТЖК дұрыс коды» бағанынан және сұрап-кітапшасынан оның орнының нөмірін анықталып, «Орнының дұрыс нөмірі» бағанына жазылады;

3) нұсқаны сәйкестендіру. Сәйкестендіру үшін бітірушінің сұрап-кітапшасы алынып, ондағы нұсқа «сұрап-кітапшасындағы нұсқа №» деген бағанға түсіріледі;

4) таңдауы бойынша пәнді сәйкестендіру. Сәйкестендіру үшін бітірушінің сұрап-кітапшасы алынып, ондағы таңдауы бойынша көрсеткен пәннің аты «сұрап-кітапшасындағы таңдауы бойынша пән» деген бағанға жазылады.

150. Осы қателіктер түзетілгеннен кейін «Шешім» бағанына «Тұзету» деп жазылады.

151. Егер аудиторияға бітіруші қосымша отырғызылса, жүйе оның аты-жөнін осы аудиторияға бөлінген бітірушілердің тізімінен таба алмайды. Сондықтан бітірушінің аты-жөні жоғарғы кестеде жоқ болғандығына қарамастан, оның жауап парагы төменгі кестеде белгіленеді. Отырғызу парагы тексеріледі. Бұл бітіруші қосымша отырғызылған ретінде белгіленеді. «Шешім» бағанына «Қосымша отырғызу» деп жазылады.

152. Егер берілген аудиторияға бөлінген жауап парагының тізімінде жоқ жауап парагы табылса, бұл бітірушінің жұмысы бағаланбайды және оның нәтижесі емтихан ведомосында көрсетілмейді. «Шешім» деген бағанға «Жою» деп жазылады.

153. Бір аудиторияға бөлінген нұсқалар санынан бірдей нұсқалар саны көп болған жағдайда осы нұсқаулықтың 41 қосымшасына сәйкес, нұсқаларды сәйкестендіру жүргізіледі.

154. Толтырылған сәйкестендіру хаттамалары деректер базасына енгізілу үшін программиске беріледі.

155. «Министрлік программисі» АЖО-сында сәйкестендіру хаттамасын толтырып қойғаннан кейін тексерушілердің тарарапынан жіберілген қателіктер табылған жағдайда, жауап парактары қайтадан сканерден өткізіледі. Қайта сканерлеу ҰТО-мен келісіп, пароль алғаннан кейін іске асырылады.

156. Қайта сәйкестендіру төмендегідей:

- 1) ТЖК қате түзетілген;
- 2) нұска қате түзетілген;
- 3) тандауы бойынша пән қате түзетілген жағдайларда жүргізіледі.

157. Осы нұсқаулықтың 42 қосымшасына сәйкес қайта сәйкестендірудің мәні тестілеу нәтижелерін өндөу үшін бітірушілер туралы барлық қажетті деректерді анықтау болып табылады.

## **28. Дұрыс жауаптар кодын ашу және емтихан ведомостарын беру**

158. Министрлік өкілі лектің жауап парактарын сәйкестендіру процесінің аяқталғандығын ҰТО-ға хабарлайды.

159. ҰТО Министрлік өкіліне парольді айтып, дұрыс жауаптар кодының файлын телекоммуникациялық желі арқылы ҰБТӨП-ке жібереді.

160. Дұрыс жауаптар коды жауап парактары сәйкестендірілгеннен кейін мемлекеттік комиссияның төрағасы және ҰҚҚД өкілімен бірлесіп уш парольдің көмегімен ашылады: мемлекеттік комиссия төрағасының паролі, ҰҚҚД өкілінің паролі және Министрлік өкілінің паролі (ҰТО-дан алынады).

161. Дұрыс жауаптар коды екі данада басылады: біреуі көпшіліктің назарына ілінеді, ал екіншісі апелляциялық комиссияға беріледі.

162. Жұмыстарды бағалау жүргізіледі және апелляцияны есепке алмағандағы емтихан ведомосы төрт данада басылып шығарылады да, базасында ҰБТӨП орналасқан оқу орнының немесе аудандық (қалалық) білім бөлімінің мөрімен расталады:

- 1) бірінші данасы көпшіліктің назары үшін ілінеді;
- 2) екіншісі – Министрлік өкілі үшін;
- 3) үшіншісі – апелляциялық комиссия төрағасы үшін;
- 4) төртіншісі – ҰБТӨП-те қалады.

## **29. Апелляция откізу**

163. Апелляциялық комиссияның құрамы тестіленетін пәндер бойынша орта мектеп мұғалімдерінен және апелляцияға отініш қабылдауды жүзеге асыратын техникалық хатшылардан құрылады.

164. Апелляциялық комиссияның жұмысы мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) апелляцияға тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша берілген отініштерді қабылдау;
- 2) тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша апелляцияға берілген отініштерді ДБ-ға енгізу;
- 3) апелляциялық комиссия үшін қажетті құжаттарды басып шығару;
- 4) апелляциялық комиссияның отырысы;
- 5) апелляция бойынша шешім қабылдау және респубикалық комиссиямен байланыс жасау;
- 6) апелляциялық комиссияның шешімін енгізу;
- 7) осы нұсқаулықтың 43 қосымшасына сәйкес апелляциялық комиссия отырысының хаттамасын басып шығару.

165. Жұмыс уақытында апелляциялық комиссия мынадай құжаттарды қолданады:

- 1) апелляция отініштерін тіркеу парагы;
  - 2) осы нұсқаулықтың 44 қосымшасына сәйкес апелляцияға берілген отініштер тізілімі;
  - 3) осы нұсқаулықтың 45 қосымшасына сәйкес бітірушінің жауаптарын талдау картасы, жауап парагы және сұрақ-кітапшасы;
  - 4) апелляцияны есепке алмағандағы ҰБТ қорытындысының емтихан ведомосы;
- 5) дұрыс жауаптар коды.

## **30. Апелляцияға отініштер қабылдау**

166. Бітірушінің отініші апелляцияға отініштерді тіркеу парагына тіркеледі.

167. Апелляцияға тест тапсырмаларының мазмұны бойынша өтінішті пән мұғалімдері, ал техникалық себептерге байланысты өтініштерді техникалық хатшылар қабылдайды.

168. Тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептерге байланысты апелляцияға берілген өтініштерді Министрлік программисі ДБ-ға енгізеді.

### **31. Апелляциялық комиссияның отырысына дайындық**

169. Министрлік программисі апелляциялық комиссияға бітірушілердің жауаптарын талдау картасы мен апелляцияға берілген өтініштер тізілімін береді.

170. Министрлік өкілі жауап парагының көшірмесі мен оның түпнұсқасындағы мәліметтің сәйкестігін бақылау үшін бітірушілердің жауап парақтарының түпнұсқаларының көшірмелерін алады.

171. Министрлік өкілі апелляциялық комиссияның төрағасына:

- 1) апелляцияға өтініш берген бітірушілердің жауап парақтарын (көшірмесін алғаннан кейін);
- 2) дұрыс жауаптар кодын;
- 3) апелляцияға өтініш берген бітірушілердің сұрақ-кітапшаларын;
- 4) бітірушілердің жауаптарын талдау карталарын;
- 5) бітірушілердің апелляцияға берген өтініштерін;
- 6) апелляцияға берілген өтініштердің тізілімін;
- 7) апелляцияны есепке алмағандығы емтихан ведомосын береді.

### **32. Апелляциялық комиссияның отырысы**

172. Апелляциялық комиссия бітірушілердің өтініштерін тестілеу нәтижелері хабарланғаннан кейін келесі күнгі сағат 14-00-ден бастап қарайды.

173. Апелляциялық комиссия әр бітірушімен жеке-жеке жұмыс жүргізеді. Бітіруші апелляция комиссиясының отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

174. Жауаптарды талдау картасы бітірушінің 5 пән бойынша нәтижелері көрсетілген бес кестеден тұрады. Эр кесте төмендегідей 4 жолдан тұрады:

- 1) бірінші жолда осы пән бойынша 1 мен 25 аралығындағы тапсырма нөмірлері көрсетілген. Бітіруші апелляцияға берген тапсырмаларының нөмірлері қою туспен боялған;
- 2) екінші жолда дұрыс жауаптар коды берілген;
- 3) үшінші жол бітірушінің жауап парагынан оқылған жауаптардан тұрады;
- 4) төртінші жол автоматты тұрде екінші және үшінші жолдарды салыстыру нәтижелері бойынша құрылады.

### **33. Апелляция бойынша шешім қабылдау**

175. Шешім тек бітіруші апелляцияға берген тапсырма бойынша ғана қабылданады. Апелляцияға берілмеген тапсырмалар қарастырылмайды. Апелляция комиссиясының апелляция кезінде нұсқаны және таңдаған пәнді өзгерте алмайды.

176. Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляция мынадай жағдайларда қарастырылады:

- 1) тест тапсырмасы дұрыс құрылмаса;
- 2) дұрыс жауабы болмаса;
- 3) бірнеше дұрыс жауабы болса.

177. Бұл жағдайда балл қосу төмендегі ретпен іске асырылады: апелляциялық комиссия телекоммуникациялық желі арқылы осы нұсқаулықтың 46 қосымшасына сәйкес кестені толтырып, республикалық комиссия үшін ҰТО-ға жібереді. Кестені алғаннан кейін республикалық комиссия шешім қабылдап, өзінің шешімін сол кестедегі бағанға сәйкес енгізеді де, қайтадан ҰБТӨП-тегі апелляциялық комиссияға жібереді. Республикалық комиссияның шешімі соңғы шешім болып саналады.

178. Егер бітіруші өзі дұрыс жауап берген тапсырма бойынша апелляцияға өтініш берсе, онда ол тапсырма бойынша апелляциялық комиссия «қанағаттандырылмайды» шешімін қабылдайды.

179. Техникалық себептер бойынша апелляция мынадай жағдайларда қарастырылады:

- 1) дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келетін боялған дөңгелекшені сканер 2 дөңгелекше ретінде оқыған;
- 2) дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келетін боялған дөңгелекшені сканер оқымаған.

**180.** Бұл жағдайда апелляция жергілікті жерде қарастырылады. Оң шешім ҰТО-мен келісіледі. Апелляция комиссияның төрағасы балл қосылған бітірушілердің сұрақ-кітапшаларын ҰТО-ға алып келеді.

### **34. Апелляциялық комиссияның шешімдерін енгізу**

**181.** Апелляциялық комиссия өз шешімін апелляция берген өтініш парагында белгілейді.

**182.** Шешімді ДБ-ға міндетті түрде апелляциялық комиссия төрағасының қатысуымен Министрлік программисі енгізеді.

**183.** Барлық өтініштер бойынша шешім қабылданғаннан кейін апелляция комиссияның төрағасы программиске алдыңғы лекті жабуга тапсырма береді.

**184.** Қарастырып отырган лектің апелляциясын тек берілген өтініштер тізілімінің әр жолының «Апелляция жағдайы» бағанына:

1) келмеді (бітіруші апелляцияга келмеді);

2) жойылды (өтініш жойылды);

3) шешім қабылданды (апелляция қаралды және шешім қабылданды) мағыналарының бірі жазылсағана жабылады.

### **35. Апелляциялық комиссияның хаттамасын басып шығару**

**185.** Программист апелляция жабылғаннан кейін:

1) апелляцияға берілген өтініштер тізілімінің соңғы нұсқасын;

2) апелляция комиссиясы отырысының хаттамасын;

3) ҰБТ қорытындысының емтихан ведомосын (апелляцияны есепке алғандағы) екі данада басып шығарады да, оларды базасында ҰБТӨП орналасқан ЖОО-ның немесе аудандық (қалалық) білім бөлімінің мөрімен растайды.

**186.** Олардың бір данасы қол қойылып Министрлік өкіліне беріледі, екіншісі ҰБТӨП-тің іс-қағаздарына тіркеледі.

**187.** Хаттамаға апелляциялық комиссия төрағасы мен мүшелері, мемлекеттік комиссия төрағасы, сондай-ақ Министрлік өкілі қолдарын қояды.

**188.** Жоғарыда көрсетілген құжаттарды бергеннен кейін Министрлік программисі ағымдағы лекті жабады.

### **36. Апелляциялық комиссия жұмысының аяқталуы**

**189.** Жұмыс аяқталғаннан кейін апелляциялық комиссияның төрағасы Министрлік өкіліне жауап параптерының түпнұсқаларын, сұрақ-кітапшаларын береді.

**190.** Министрлік өкілі жауап параптерының түпнұсқаларын олардың өзіндегі көшірмелерімен салыстырады және түпнұсқаларды тиісті конвертерге салады.

**191.** Апелляция кезеңі аяқталғаннан кейін, апелляциялық комиссияның төрағасы есеп дайындауды және оған:

1) апелляцияға берілген өтініштерді тіркеу парагын;

2) апелляцияға өтініштерді;

3) апелляцияда балл қосылған бітірушілердің сұрақ-кітапшаларын;

4) апелляцияға қатысқандардың жауап параптерының көшірмесін;

5) апелляцияға қатысқан бітірушілердің жауаптарын талдау карталарын;

6) апелляцияға берілген өтініштердің тізілімін (соңғы нұсқасын);

7) әрбір лек бойынша апелляциялық комиссия отырысының хаттамасын;

8) апелляцияны есепке алғандағы ҰБТ қорытындысының емтихан ведомостарын қосымша тіркейді.

**192.** Апелляциялық комиссияның есебі осы нұсқаулықтың қосымшасына сәйкес нысандағы комиссия мүшелерінің жеке есептерінен түрады.

47

### **37. Сертификаттарды дайындау және беру**

**193.** Апелляция аяқталғаннан кейін Министрлік программисі сертификаттар файлын құрады.

194. Сертификаттарды басып шығару үшін, «Министрлік программисі» АЖО-сы орнатылмаған екінші компьютерге «Сертификат» АЖО-сы орнатылады. «Сертификат» АЖО-сында сертификаттардың баспаханалық нөмірін автоматты тұрде енгізетін арнаулы интерфейс қарастырылған.

195. Министрлік программисі:

- 1) сертификаттардың баспаханалық нөмірлерін ДБ-га енгізеді және басып шығарады;
- 2) сертификаттарды тарату тізілімін басып шығарады.

196. Министрлік программисі нөмірлері қойылған сертификаттар файлын құрып, оны телекоммуникациялық желі арқылы ҰТО-ға жібереді.

197. Дайын болған сертификаттарға мемлекеттік комиссияның төрағасы мен Министрлік өкілі қол қойып, базасында ҰБТӨП орналасқан ЖОО-ның немесе аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің мөрін басады.

198. Сертификаттар мен сертификаттарды тарату тізіліміндегі мәліметтерді емтихан ведомосымен салыстырғаннан кейін, Министрлік өкілі тізілімнің әрбір парагына қол қояды.

199. Дайын болған сертификаттар мен сертификаттарды беру тізілімін Министрлік өкілі ҰБТӨП жетекшісіне береді.

200. Тестілеу аяқталғаннан кейін мектептің техникалық хатшысы ҰБТӨП жетекшісінен ҰБТ қорытындысы бойынша емтихан ведомосын, сертификаттарды және сертификаттарды беру тізілімін алады.

201. Сертификаттар бітірушілерге тестілеу аяқталғаннан соң үш күннен кейін беріледі, яғни 1-күні – ҰБТ, 2-күні – апелляция, 3-күні - сертификаттарды даярлау және мөр қою, 4-күні – сертификаттарды тарату.

202. Бітірушілерге сертификаттар мектепте беріледі және сертификаттарды тарату тізіліміне бітірушілер өз колдарын қояды.

203. Сертификаттарды беру аяқталғаннан соң, сертификаттарды тарату тізілімі ҰБТӨП жетекшісіне тапсырылады.

**38. ҰБТ сұрақ-кітапшаларын жою**

206. ҰБТӨП жетекшілері ҰБТ сұрақ-кітапшаларын жоюды ұйымдастырады, бірақ апелляция кезінде балл қосылған бітірушілердің сұрақ-кітапшалары ҰТО-ға жеткізіледі.

207. Сұрақ-кітапшаларын жою үшін Министрлік өкілдері мен филиал қызметкерлерінен тұратын комиссия құрылады.

208. Тестілеудің барлық кезеңі аяқталғаннан кейін сұрақ-кітапшаларын өртеу немесе механикалық ұсақтау жолымен мазмұнын оқуға немесе қайта пайдалануға жол бермейтіндей жағдайға келтіре отырып сұрақ-кітапшаларын жою жүзеге асырылады. Сұрақ-кітапшаларын ары қарай тәжірибелік мақсатта колдануға рұқсат етілмейді.

209. Сұрақ-кітапшаларын жою осы нұсқаулықтың 48 қосымшасына сәйкес акт бойынша рәсімделеді.

210. ҰБТ сұрақ-кітапшаларын жою туралы акттің түпнұсқасы міндетті түрде түгендеме нөмірі көрсетіле отырып ҰТО-ға жеткізіледі.

**39. Атқарылған жұмыстар туралы есеп**

211. Барлық жұмыстарды аяқтағаннан кейін Министрлік өкілі, апелляциялық комиссияның төрағасы мен Министрлік программисі ҰТО-ға атқарған жұмыстары туралы жазбаша есеп береді.

212. ҰБТ-ның барлық кезеңі аяқталғаннан кейін, қорытынды статистикалық мәліметтер телекоммуникациялық желі арқылы ҰТО-ға жіберіледі.